# Осы жерден бастаңыз

© Copyright 2013 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Windows — Microsoft корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші басылым: тамыз, 2013 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі 740688-DF1

**Өнім ескертуі**

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

Барлық мүмкіндіктер Windows 8 жүйесінің барлық нұсқаларында жұмыс істемейді. Windows 8 мүмкіндіктерін толығымен пайдалану үшін, бұл компьютерде жаңартылған немесе бөлек сатып алынған аппараттық құрал, драйверлер және/немесе бағдарламалық құрал қажет етілуі мүмкін. Толық ақпаратты http://www.microsoft.com бөлімінен қараңыз.

**Бағдарламалық құрал шарттары**

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, көшіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, компьютерді сатқан орынның қаражатты қайтару ережелеріне сәйкес төленген қаражатты толығымен қайтарып алу үшін, тек пайдаланбаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін немесе компьютерге төленген қаражатты толығымен қайтарып алу үшін, сатушыға хабарласыңыз.

# Мазмұны

1 Жаңа ақпаратты қараңыз ..... 1

2 Бастау экранында шарлау ..... 2

Бастау түймешігінің және Бастау мәзірінің орналасқан жерлерін табу ..... 3

Компьютердің жұмысын аяқтау ..... 3

Барлық бағдарламаларды көрсету ..... 4

Бағдарламаларды жабу ..... 4

Жақсартылған іздеу опциясы ..... 5

Жақсартылған бекіту опциясы ..... 5

Miracast куәлігі бар сымсыз дисплейді табу және оған қосылу (тек таңдаулы үлгілерде) ..... 5

Бастау экранының орнына Windows жұмыс үстелін ашу ..... 6

Осы дербес компьютер ..... 6

3 Сақтық көшірме жасау, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру туралы жаңартылған ақпарат ..... 7

Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және бастапқы қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану ..... 7

Бастапқы қалпына келтіру бөлімдерін тексеру ..... 7

HP Software Setup бағдарламасын (тек таңдаулы үлгілерде) пайдалану ..... 7

Басқа сақтық көшірме жасау, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру құралдарын пайдалану ..... 8

4 Техникалық сипаттары туралы жаңартылған ақпарат ..... 9

Тұтынылатын қуат ..... 9

5 Қосымша HP ресурстары ..... 10

# 1 Жаңа ақпаратты қараңыз

Бұл нұсқаулықта компьютермен бірге жеткізілген кейбір ақпаратты жаңартуы мүмкін жаңа Windows® мүмкіндіктері сипатталады. Бұл мүмкіндіктер келесілерді қамтиды:

- Бастау түймешігі және Бастау мәзірі
- Оңай өшіру процесі
- Жақсартылған іздеу опциялары
- Жақсартылған бірнеше тапсырманы жылдам орындау мүмкіндігі
- Жүйеге кіру кезіндегі жұмыс үстеліне өтуге арналған қосымша параметрі
- Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру туралы ақпарат
- Қосымша пайдалану сипаттамасы

# 2 Бастау экранында шарлау

Бастау экраны орталық орынды береді, онда ақпарат пен электрондық поштаға қол жеткізуге, вебті шолуға, бейнелерді көрсетуге, фотосуреттерді көруге және әлеуметтік мультимедиа веб-сайттарын ашуға болады.

**ЕСКЕРІМ:** Компьютердің Бастау экранының суреті мен мына нұсқаулықта берілген сурет өзгешелеу болуы мүмкін.




| | Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|---|
| (1) | **Бағдарламаны ашу** | Бастау экраны бағдарламасын басыңыз. | Бастау экраны бағдарламасын түртіңіз. |
| (2) | **Шебер түймелерді (Іздеу, Ортақтасу, Бастау, Құрылғылар және Параметрлер) көрсету** | Меңзерді бастау экранының жоғарғы немесе төменгі оң жақ бұрышына жылжытыңыз. | Сенсорлы тақтаның немесе сенсорлы экранның оң жақ жиегінен саусақты жылжытыңыз. |
| (3) | **Компьютердегі барлық бағдарламалардың тізімін табу** | Меңзерді бастау экранының төменгі сол жақ аймағына жылжытыңыз және көрсеткіні басыңыз.<br><br>Бастау экранына оралу үшін көрсеткіні қайта басыңыз. | Көрсеткі көрсетілгенше саусақты сенсорлы тақта немесе сенсорлы экран бойынша сол жаққа сырғытыңыз, одан кейін бастау экранының төменгі сол жақ бұрышындағы көрсеткіні түртіңіз.<br><br>Бастау экранына оралу үшін көрсеткіні қайта түртіңіз.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Сенсорлы экраны бар таңдаулы үлгілерде, барлық бағдарламалар тізімін көрсету үшін, саусақты жоғары жаққа жылжытыңыз және Бастау экранына қайту үшін саусақты экранда төмен жылжытыңыз. |

| | Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|---|
| (4) | **Бастау экранын көрсету** | Меңзерді бастау экранының төменгі сол жақ аймағына жылжытыңыз және **Пуск** (Бастау) түймешігін оң жақ түймемен басыңыз. | **Рабочий стол** (Жұмыс үстелі) бағдарламасын басып, экранның төменгі сол жақ бұрышындағы **Пуск** (Бастау) түймешігін басып босатыңыз. |
| (5) | **Ашық болған бағдарламалар арасында ауысу** | Ашық болған бағдарламалардың тізімін көрсету үшін меңзерді бастау экранының жоғары сол жақ бұрышына жылжытыңыз, одан кейін ашық болған бағдарламаны басыңыз. | Ашық болған бағдарламалардың тізімін көрсету үшін саусақты сенсорлы тақтаның сол жақ жиегінен солға немесе оңға жылжытыңыз және ашық болған бағдарламаны түртіңіз. |

**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Бастау экранына жылдам оралу үшін пернетақтадағы Windows пернесін басыңыз немесе меңзерді Бастау экранының төменгі сол жақ бұрышына жылжытыңыз, одан кейін **Пуск** (Бастау) түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.

# Бастау түймешігінің және Бастау мәзірінің орналасқан жерлерін табу

Бастау түймешігі Windows жұмыс үстелінің төменгі сол жақ бұрышында көрсетіледі. Бастау мәзірі Жетектеуші, Басқару тақтасы, жұмыс үстелі, Қуат опциялары және Өшіру сияқты жиі қолданылатын опцияларға жылдам қатынауға мүмкіндік береді. Қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге берілген *Windows Негіздері* нұсқаулығын қараңыз.

Бастау түймешігін және Бастау мәзірін көрсету үшін, мына нұсқауларды орындаңыз.

| Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|
| **Бастау түймешігінің және Бастау мәзірінің орналасқан жерлерін табу** | Меңзерді бастау экранының төменгі сол жақ аймағына жылжытыңыз және Бастау мәзірін көрсету үшін **Пуск** (Бастау) түймешігін оң жақ түймемен басыңыз. | Бастау мәзірін көрсету үшін **Рабочий стол** (Жұмыс үстелі) бағдарламасын басып, экранның төменгі сол жақ бұрышындағы **Пуск** (Бастау) түймешігін басып босатыңыз. |

# Компьютердің жұмысын аяқтау

Компьютерді Бастау мәзірінен өшіру үшін, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

| Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|
| **Компьютерді сөндіру** | 1. Меңзерді бастау экранының төменгі сол жақ аймағына жылжытыңыз және Бастау мәзірін көрсету үшін **Пуск** (Бастау) түймешігін оң жақ түймемен басыңыз.<br>2. **Завершение работы** (Өшіру) пәрменінен кейін **Завершение** | 1. Бастау мәзірін көрсету үшін **Рабочий стол** (Жұмыс үстелі) бағдарламасын басып, экранның төменгі сол жақ бұрышындағы **Пуск** (Бастау) түймешігін басып босатыңыз.<br>2. **Завершение работы** (Өшіру) пәрменінен кейін **Завершение работы** (Өшіру) пәрменін түртіңіз. |

| Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|
| | **работы** (Өшіру) пәрменін таңдаңыз.<br><br>- немесе -<br><br>1. Шебер түймелерді көрсету үшін экранның жоғарғы оң жақ немесе төменгі оң жақ бұрышына меңзеңіз және **Настройки** (Параметрлер) түймесін нұқыңыз.<br><br>2. **Питание** (Қуат) белгішесін басыңыз, одан кейін **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін таңдаңыз. | - немесе -<br><br>1. Шебер түймелерді көрсету мақсатымен саусақты сенсорлы тақтаның немесе экранның оң жақ жиегінен жылжытыңыз да, **Параметры** (Параметрлер) белгішесін түртіңіз.<br><br>2. **Питание** (Қуат) белгішесін түртіп, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) параметрін таңдаңыз. |

# Барлық бағдарламаларды көрсету

| Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|
| **Компьютердегі барлық бағдарламаларды көру** | Меңзерді бастау экранының төменгі сол жақ аймағына жылжытыңыз және көрсеткіні басыңыз.<br><br>Бастау экранына қайту үшін көрсеткіні қайта басыңыз. | Көрсеткі көрсетілгенше саусақты сенсорлы тақта немесе сенсорлы экран бойынша сол жаққа сырғытыңыз, одан кейін бастау экранының төменгі сол жақ бұрышындағы көрсеткіні түртіңіз.<br><br>Бастау экранына қайту үшін көрсеткіні қайта түртіңіз.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Сенсорлы экраны бар таңдаулы үлгілерде, барлық бағдарламалар тізімін көрсету үшін, саусақты жоғары жаққа жылжытыңыз және Бастау экранына қайту үшін саусақты экранда төмен жылжытыңыз. |

# Бағдарламаларды жабу

| Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|
| **Бағдарламаны жабу** | 1. Ашық болған барлық бағдарламаларды көрсету үшін, меңзерді экранның төменгі сол жақ бұрышына жылжытып, экранның сол жағын төменге қарай жылжытыңыз.<br><br>2. Бағдарламаны жабу үшін, бағдарламаны оң жаққа, одан кейін экранның төмен қарай төменгі жағына жылжытып, бағдарлама айналдырылғанша оны ұстап тұрыңыз, да босатыңыз. | 1. Ашық болған барлық бағдарламаларды көрсету үшін, саусақты экранның сол жағына немесе оң жағына сырғытыңыз.<br><br>2. Бағдарламаны жабу үшін, бағдарламаны оң жаққа, одан кейін экранның төмен қарай төменгі жағына жылжытып, бағдарлама айналдырылғанша оны ұстап тұрыңыз, да босатыңыз. |

# Жақсартылған іздеу опциясы

1. Бастау экранынан іздеу үшін, кілт сөзін тере бастаңыз.

   Іздеу нәтижелері экранның оң жағындағы панельде көрсетіледі.

2. Іздеуді кеңейту үшін, келесі опциялардың біреуін басыңыз немесе түртіңіз:

   - Барлық жерде
   - Параметрлер
   - Файлдар
   - Веб кескіндері
   - Веб бейнелері

**ЕСКЕРІМ:** Тақырыпты оңай табуға болмаса, **справка** (анықтама) сөзін теріңіз және **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) бөлімінен іздеңіз.

# Жақсартылған бекіту опциясы

Бастау экранындағы бағдарлама мен жұмыс үстеліндегі бағдарламаны бір уақытта көру үшін, бағдарламаларды экранның сол жағына немесе оң жағына бекітуге болады. Экранның ажыратымдылығына байланысты бір уақытта төртке дейінгі бағдарламаны бекіте аласыз.

▲ Бағдарламаны экранның сол жағына немесе оң жағына жылжытыңыз.

# Miracast куәлігі бар сымсыз дисплейді табу және оған қосылу (тек таңдаулы үлгілерде)

Компьютер Miracast куәлігі бар сымсыз дисплеймен жұмыс істеуге үйлесімді. Ағымдағы ашық тұрған бағдарламаларды жаппай, дисплейді табу және оған қосылу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

| Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|
| Miracast куәлігі бар сымсыз дисплейді табу және оған қосылу | Шебер түймелерді көрсету үшін Бастау экранының жоғарғы оң жақ немесе төменгі оң жақ бұрышына меңзеңіз және **Устройства** (Құрылғылар) түймесін нұқып, **Проект** (Жоба) пәрменін таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. | Шебер түймелерді көрсету мақсатымен Бастау экранының оң жақ жиегінен сипап өтіңіз, **Устройства** (Құрылғылар) түймесін нұқып, **Проект** (Жоба) пәрменін таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. |

# Бастау экранының орнына Windows жұмыс үстелін ашу

Бастау экранының орнына Windows амалдық жүйесі Windows жұмыс үстелін ашатындай етіп әдепкі параметрлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз.

| Әрекет | Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану | Сенсорлы тақтадағы қимылдарды пайдалану |
|---|---|---|
| **Бастау экранының орнына Windows жұмыс үстелін ашу** | 1. Бастау экранынан **Рабочий стол** (Жұмыс үстелі) бағдарламасын таңдаңыз.<br>2. Экранның төменгі жағындағы шарлау тақтасында оң жақ түймешікті басып, **Свойства** (Сипаттар) пәрменін таңдаңыз.<br>3. **Навигация** (Шарлау) қойыншасын басып, **Переходить на рабочий стол вместо Начального экрана при входе в систему или закрытии всех приложений** (Жүйеге кіру немесе барлық бағдарламаларды жабу кезінде Бастау экранының орнына жұмыс үстеліне өту) құсбелгісін қойыңыз.<br>4. **OK** түймешігін басыңыз. | 1. Бастау экранынан **Рабочий стол** (Жұмыс үстелі) бағдарламасын түртіңіз.<br>2. Экранның төменгі жағындағы шарлау тақтасын түртіп ұстап тұрыңыз және **Свойства** (Сипаттар) пәрменін таңдаңыз.<br>3. **Навигация** (Шарлау) қойыншасын түртіп, **Переходить на рабочий стол вместо Начального экрана при входе в систему или закрытии всех приложений** (Жүйеге кіру немесе барлық бағдарламаларды жабу кезінде Бастау экранының орнына жұмыс үстеліне өту) құсбелгісін қойыңыз.<br>4. **OK** түймешігін түртіңіз. |

Бастапқы жүйеге кіру параметріне қайту үшін, жоғарыда берілген нұсқауларды орындаңыз, бірақ **Переходить на рабочий стол вместо Начального экрана при входе в систему или закрытии всех приложений** (Жүйеге кіру немесе барлық бағдарламаларды жабу кезінде Бастау экранының орнына жұмыс үстеліне өту) құсбелгісін алып тастаңыз және **OK** түймешігін басыңыз.

# Осы дербес компьютер

Компьютеріңіздегі және қосылған құрылғылардағы файлдар мен қалталарды тексеру үшін, `данный пк` (осы дербес компьютер) деп теріп, **Данный ПК** (Осы дербес компьютер) белгішесін басыңыз. Бұрын бұл мүмкіндік «Мой компьютер» (Менің компьютерім) деп аталған болатын.

# 3 Сақтық көшірме жасау, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру туралы жаңартылған ақпарат

Мына сақтық көшірме жасау, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру процедуралары компьютер үшін *Пайдаланушы нұсқаулығында* берілген іс реттерін ауыстырады.

## Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және бастапқы қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану

Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және бастапқы қалпына келтіру мүмкіндіктері туралы толық ақпаратты HP Support Assistant бағдарламасында қараңыз.

**ЕСКЕРІМ:** HP Support Assistant бағдарламасына қатынау жолы өзгерілді.

1. Бастау экранынан **HP Support Assistant** қолданбасын таңдаңыз.
2. **Поиск** (Іздеу) жолағында `восстановление` (бастапқы қалпына келтіру) деп теріп, берілген нұсқауларды орындаңыз.

Сақтық көшірме жасау туралы қосымша ақпаратты алу үшін, **Поиск** (Іздеу) жолағында `резервное копирование` (сақтық көшірме жасау) деп теріңіз.

## Бастапқы қалпына келтіру бөлімдерін тексеру

**ЕСКЕРІМ:** Жүйені бастапқы қалпына келтіру тапсырмаларын бастамас бұрын HP Recovery немесе Windows бөлімдерінің бар екенін тексеру қажет болса, қадамдар өзгерілді.

HP Recovery немесе Windows бөлімдерінің бар екенін тексеру үшін, бастау экранында `файл` деп теріп, **Проводник** (Жетектеуші) бағдарламасын таңдаңыз.

## HP Software Setup бағдарламасын (тек таңдаулы үлгілерде) пайдалану

**ЕСКЕРІМ:** HP Software Setup бағдарламасын бүлінген немесе жүйеден жойылған драйверлерді немесе бағдарламалық құралдарды қайта орнату үшін пайдалану қажет болса, HP Software Setup бағдарламасына кіру іс реті өзгерілді.

HP Software Setup бағдарламасына кіру

1. Бастау экранында **HP Software Setup** (HP бағдарламалық құралын орнату) деп жазыңыз.

**ЕСКЕРІМ:** HP Software Setup бағдарламасы көрсетілмесе, жүйеңізде бұл мүмкіндікке қолдау көрсетілмейді. Компьютер үшін арналған қалпына келтіру және бастапқы қалпына келтіру жөнінде қадамдарды *Пайдаланушы нұсқаулығынан* қараңыз.

2. **HP Software Setup** бағдарламасын таңдаңыз.

3. Драйверлерді немесе кейбір бағдарламалық құралдарды қайта орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

# Басқа сақтық көшірме жасау, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру құралдарын пайдалану

Сақтық көшірме жасау, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру туралы қосымша ақпаратты компьютермен бірге жеткізілетін *Пайдаланушы нұсқаулығынан* қараңыз.

# 4 Техникалық сипаттары туралы жаңартылған ақпарат

## Тұтынылатын қуат

Осы бөлімдегі қуат туралы ақпарат құрылғыңызға қатысты қолданылуы мүмкін жұмыс кернеуі мен тогы туралы мәліметтерді қамтиды және ол шетелге саяхаттау кезінде маңызды болуы мүмкін. Кіріс қуат нормалары туралы ақпаратты компьютермен бірге жеткізілетін *Пайдаланушы нұсқаулығынан* қараңыз.

| Тұтынылатын қуат | Мөлшер |
|---|---|
| Жұмыс кернеуі және тогы | 2,31 A - 45 Вт қуатында тұрақты ток - 19,5 В |

# 5 Қосымша HP ресурстары

Өнім туралы егжей-тегжейлі мәліметтер, әдістер, т.б. туралы ақпарат алу үшін осы кестені көріңіз.

| Ресурс | Мазмұны |
|---|---|
| *Windows Негіздері* нұсқаулығы | • Windows® 8 пайдалану туралы түсініктеме |
| Бастау экранындағы **Windows 8 жүйесімен жұмысқа кірісқенде** бағдарламасы. Бұл бағдарламаны ашу үшін **Windows 8 жүйесімен жұмысқа кірісқенде** бағдарламасын таңдаңыз немесе түртіңіз. | • Windows 8 мүмкіндіктері көрсетілетін видео |
| HP Дүниежүзілік қолдау<br><br>Өз тіліңізде қолдау алу үшін, http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html бөліміне өтіңіз. | • HP маманымен желіде сөйлесу<br>• Электрондық пошта арқылы қолдау<br>• Қолдау қызметінің телефон нөмірлері<br>• HP қызмет көрсету орталығының мекенжайлары |
| *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер*<br><br>Бұл ақпаратқа қол жеткізу үшін<br><br>1. Бастау экранында `поддержка` (қолдау) сөзін теріп, **HP Support Assistant** бағдарламасын таңдаңыз.<br>2. **Мой компьютер** (Компьютерім), одан кейін **User guides** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз. | • Маңызды заңдық ескертпелер, соның ішінде батареяны дұрыс тастау жолы |
| Шектеулі кепілдік<br><br>Бұл ақпаратқа қол жеткізу үшін<br><br>1. Бастау экранында `поддержка` (қолдау) сөзін теріп, **HP Support Assistant** бағдарламасын таңдаңыз.<br>2. **Мой компьютер** (Компьютерім), одан кейін **Гарантия и услуги** (Кепілдік және қызметтер) тармағын таңдаңыз.<br><br>- немесе -<br><br>http://www.hp.com/go/orderdocuments веб-торабына өтіңіз. | • Бұл компьютер туралы арнаулы кепілдік ақпараты |